



## Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 102 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.06.17 № 102 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы 40-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының негізгі бағыттарын айқындау мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлең, бекітсін.
3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары өздерінің құқық қолдану тәжірибесінде Тұжырымдаманың қағидаларын басшылыққа алсын.
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 949 Жарлығымен  
мақұлданған

# **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

## **1. Кіріспе**

Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформа мемлекеттік бағдарламасын (1994 ж.) орындаудың басты нәтижесі қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын айқындалап берген, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жаңа жүйесін бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы (1995 ж.) болды. Конституциялық нормаларды дамыту үшін "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының Парламенті" және оның депутаттарының мэртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы", "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы", "Республикалық референдум туралы", "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығы және Қазақстанның ұлттық заңнамасының негізін құраған өзге де заң актілері қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізінде жаңа конституциялық құқық түзілді, оған сәйкес біздің мемлекетіміз үшін неғұрлым қолайлы президенттік басқару нысаны берік орнықты. Мемлекеттік біртұтас биліктің үш тармақта бөлінуі жүзеге асты. Тұрақты жұмыс істейтін қос палаталы Парламент күннен-күнге жемісті жұмыс істеуде. Атқарушы билікті нығайту және жетілдіру жөнінде шаралар қолданылды. Біртұтас сот жүйесі құрылды, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданды.

Жеке меншік, азаматтық қоғам, еркін кәсіпкерлік қатынастарын реттейтін азаматтық құқық одан әрі дами түсті. Қылмыстық құқықта адамның табиғи, ажырамас құқықтары мен бостандықтарының басымдығына негізделген, қорғалуға тиіс әлеуметтік құндылықтардың түбегейлі жаңа сатысы айқындалды. Әлемдік қоғамдастықта орныққан принциптерге едәуір сәйкес келетін азаматтық іс жүргізу, қылмыстық-іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңнамасы елеулі өзгерді.

Соттар мен құқық қорғау органдарының құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған қайта құру реформаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Судьялар корпусын жасақтауда биліктің барлық тармақтары мен судьялар

қоғамдастырын қатыстыра отырып, судьяларды ғұмыр бойына тағайындау тәртібі енгізілді, олардың мәртебесі мен қамтамасыз етілу деңгейін көтеретін басқа да шаралар іске асырылды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясына сәйкес қылмыстық істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеуді арнайы органдар жүргізеді әрі олар сот пен прокуратурадан бөлінген. Ішкі істер органдарын оларға тән емес функциялардан босату мақсатында өртке қарсы құрес қызметі бұл органдардың құрылымынан шығарылды. Қылмыстық-құқықтық статистика жүргізу қызметі ішкі істер органдарынан өзіне беріле отырып, Қазақстан Республикасының Бас прокуратуrases жанынан Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылды. Сонымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Қорғаныс министрлігінен, ішкі істер органдары мен кеден органдарынан тиісті сараптама бөлімшелерінің берілуі есебінен Қазақстан сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институтының базасында "Әділет министрлігінің Сот сараптама орталығы" құрылды.

Қазақстандық құқықтық жүйенің қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірін уақ реттеуден, құқық қорғау органдары қызметінің жазалау-қуғындау әдістерінен, сот ісін жүргізудегі айыптауға бейімдіктен және мемлекет пен жеке меншік иесінің өзара қарым-қатынастарындағы мемлекеттік мұдделер басымдығынан арылуы жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жүрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама одан әрі дамытуды, атап айтқанда қолданыстағы заңдарды кезең-кезеңімен жетілдіруді, сондай-ақ қажет жағдайда қоғамды одан әрі демократияландыру талаптарына және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттеріне сай келетін жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдауды талап етеді.

Құқықтық реформаның қорытындыларын талқылау нәтижесінде қоғамда Конституцияның негізінде құқықтық жүйені қарышты дамыту қажеттігі туралы пікір үstemдік алды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қажетті құқықтық әлеуетті қамтиды, ол оның құқықтық нормаларындаған емес, оның құқықтық идеялары мен принциптерінде де түжірымдалған. Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет институттарын нығайтуға бағытталған заңнамалық, ұйымдық және басқа шараларда жүзеге асуға тиіс.

Құқықтық мемлекеттің конституциялық идеялары заңнаманың құқық, әділеттілік, гуманизм идеяларын арқау ете түзілуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының

жасалуынан көрініс табуға тиіс. Сонымен қатар өзінің конституциялық міндеттерін қалтқысыз орындауға тиіс мемлекеттік қызметшілердің, өзге де азаматтардың жауапкершілігін арттыру керек. Әлеуметтік мемлекет конституциялық идеясын іске асырудың аса зор маңызы бар. Бұл жұмысты бірінші кезекте жеке адамның өзін-өзі танытуы мен экономикалық еркіндігіне қажетті жағдайлар жасауға, әлеуметтік өмірдің салаларын үйлестіруге патернализмге, қоғамның жікке жарылуына, түрлі әлеуметтік топтардың бір-біріне қарсы тұруына жол бермей, қоғамның әлеуметтік жағынан шетін топтарына көмек көрсетуге тиіс мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Бұл орайда шынайы демократиямен тұп-тамыры қосылмайтын "шексіз-шетсіз демократия" идеясын қабылдауға болмайтынын мойындаған жөн. Ел халқының көпұлттылығы, көпконфессиалылығы, Қазақстанның шекарасына жақын жерде діни экстремизмнің, терроризмнің бой көрсетуі жағдайында мемлекеттің зайырлы сипатын жете түсіну мен қорғаудың маңызы зор. Зайырлы мемлекеттің конституциялық идеялары мемлекеттік идеологияға діни ағымдардың ықпал етуіне, экстремистік діни идеялардың бой көтеруіне тосқауыл қоятында, сонымен бірге діни бірлестіктердің конституциялық тәртіп шегіндегі қызметін шектемейтіндей заң актілері мен өзге де іс-шараларда жүзеге асуы тиіс.

Конституциядағы қоғам мен мемлекет қызметінің түбегейлі принциптері туралы айтылғандарды ескере отырып, қоғамдық келісім мен саяси тұрлаулықты қоғамдық та, мемлекеттік те институттар қамтамасыз етуге тиіс. Сөйтіп, түбегейлі конституциялық принцип - барша халықтың игілігіне арналған экономикалық даму, Конституцияда "меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс" деп жарияланғандықтан, экономиканың мемлекеттік те, жеке секторларында да өмірге еніп, іске асуға тиіс.

Қазақстанның көпұлтты халқының достығын нығайту мен мемлекеттің тәуелсіздігін бекітуде қазақстандық патриотизм принципінің маңызы зор. Оны нығайту үшін мемлекеттің, қоғамдық институттардың, отбасы мен мектептің бірлескен күш - жігері қажет.

Республика қызметінің түбегейлі конституциялық принципі ретінде мемлекет өмірінің барынша маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу мемлекеттік институттардың, саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, бейікіметтік ұйымдардың, халықтың түрлі әлеуметтік жіктері мен топтарының бірлескен күш-жігері негізінде де мүмкін болады.

Бұл орайда мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру мен оған баға беру олардың жұмысының формалды-статистикалық көрсеткіштерімен шектелмеуі тиіс. Бірінші кезекте азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мұddелерін қорғау

жөніндегі жұмыстың нақты нәтижелері назарға алыныу тиіс.

Республика қызметінің Конституцияда аталған түбекейлі принциптері заңнамада белгілі бір дәрежеде бекіді. Бұл процесс ел ішінде де, Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарында да жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдағы қажеттіктерге сәйкес тереңдеп, кеңеңе тусуге тиіс.

Заңнаманы одан әрі жетілдіру процесінде Конституцияның үстемдігі және тәменгі деңгейдегі актілер нормаларының жоғарғы деңгейдегі актілерге сәйкес тұру принциптерін бұлжытпай ұстану қажет.

Қолданыстағы заңдар нормаларын мына шараларды:

құқықтық реттеудегі ақаулықтарды толықтыруды және оны қоғамдық қатынастардың барынша маңызды салаларына тереңдетуді;

заң жобаларына, соның ішінде олардың ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне сай болуына, ғылыми сараптама жүргізу практикасын жалғастыруды және кеңейтуді;

заңнаманы бір ізге келтіру мақсатында онда қолданылатын терминдердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бірыңғай тізбесін қалыптастыруды;

қабылданатын барлық заңдарды тиімді іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында оларды қаржылай қамтамасыз етудің жеткіліктілік принципін мұқият сақтауды;

қылмыс, сыйайлас жемқорлық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға тікелей немесе жанама түрде жағдай туғызушы алғышарттарды анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілер жобаларына криминологиялық сараптама енгізу ді;

заң жобалары қызметін жоспарлауды жақсарту мақсатында оны перспективалық (3 жылға) жоспарлау практикасын енгізу ді іске асыру жолымен жетілдіру қажет.

Ұлттық заңнама ауқымын орта мерзімді перспективаға жүйелеу жөніндегі жұмысты жоспарлау, құқықтық реттеуді талап ететін қоғамдық қатынастарға ғылыми талдау жүргізу қажет. Мұндай алдын-ала талдау нормативтік құқықтық актілермен реттелмеген және түрлі деңгейдегі реттеуді қажет ететін қоғамдық қатынастар саласын айқындауға мүмкіндік береді.

Заңнаманы жүйелеу оның барлық үш нысанын қолдану: инкорпорациялау, топтау және жинақтау арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Кез келген қоғамда, әдеттегідей, түрлі индивидуумдар, әлеуметтік топтар, ұйымдар мүдделерінің қарама-қайшылығы болуы мүмкін. Осы орайда сүйемелдеу сияқты құбылысқа өркениетті, заңдық шенбер беру қажет.

Бүгінде заң актілері мемлекеттік органдарға мазмұны заң шығарушының қалауына сай емес, ал кейде оған тікелей қайшы келетін заңға тәуелді актілер қабылдауға мүмкіндік беретін бланкеттік (сілтемелік) нормалардың көп

мөлшерін қамтиды. Мемлекеттік органдардың норма түзушілік тәжірибесінде тар салалық, ведомстволық көзқарас жойылмаған, соның нәтижесінде сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтары, адам құқықтарына, бостандықтарына және азаматтар мен ұйымдардың занды мүдделеріне қысым жасау орын алған. Эрі бұл жәйт зандарды іс жүзінде занға тәуелді актілермен алмастыруға әкеп соқтырады. Осыған байланысты заң актілерін әзірлеу процесі сілтемелік нормалар санын қатаң түрде азайтумен және зандарды мүмкіндігінше тиімді нақтылаумен сипатталуға тиіс. Сонымен бірге қабылданған зандардың толықтай іске асырылуын, соның ішінде қажет деген занға тәуелді актілердің дер кезінде қабылдануын қамтамасыз ететін тетіктерді жетілдірген жөн.

Жергілікті норма түзушіліктің сапасын арттыру қажет болып отыр. Бұл орайда да жалпыға міндетті маңызға, ведомствоаралық сипатқа ие немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты жергілікті мемлекеттік органдардың актілерін тіркеу міндеттілігі туралы заң нормаларын іске асыруға бағытталған қосымша шаралар қолға алынуы қажет.

Қазіргі кезде жоғары зангерлік білім алуды қамтамасыз ететін оқу орындарының қатары өте көп. Алайда, бұл ұйымдарда мамандар даярлау сапасы ойдағыдай емес. Бұл шұғыл шешімін талап ететін проблема. Сонымен қатар жемісті дамып келе жатқан отандық құқықтық ғылымға қолдау таныту жөніндегі шаралар қолға алынуы қажет.

Құқықтық мемлекет құру және жоғарыда айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар құқықтық саясатты өздерінің күнделікті қызметінде іске асыруы тиіс. Оның негізгі принциптері б о л ы п :

зандылық, яғни Конституция мен зандардың, оларға негізделген занға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің нормаларын сақтап, орнымен қолдану;

адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының ұлықтылық жағдайын білдіретін адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

гуманизм, яғни адамның жеке тұлға ретіндегі жоғары құндылығын, оның еркін дамуға және қабілетін көрсетуге деген құқықтарын тану, қоғамдық қатынастар сапасына баға берудің өлшемі ретіндегі жеке адам игілігінің орнығы ;

қазақстандықтардың өз Атамекенің жан-жақты қолдауы мен адалдығы және Отанына сүйіспеншілігі ретіндегі қазақстандық патриотизм толық дәрежеде орныға тиіс.

Бұл ретте құқықтық саясат құқық жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын, базалық тетіктерін мемлекеттік тұрғыда пайымдауды және құқық қолдану практикасы шараларын белгілі бір кезеңге орай жетілдіруді бейнелеуғе тиіс, іске

асырылуын 2010 жылға дейін аяқтау көзделіп отырған осы Тұжырымдама да соған байланысты әзірленген.

## **2. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін одан әрі дамыту, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мемлекеттік кепілдіктерін нығайту**

Қазақстан Республикасының Конституациясында жария етілген, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, құқықтың үстемдігі, біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі және олардың тежемелік әрі тепе-тендік жүйесін пайдалану арқылы келісе қызмет істеуі принциптеріне негізделген демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құру бағытының заңнамада дәйекті түрде іске асрылуын қамтамасыз ету керек.

Бұл орайда адам құқықтарының басымдығын қоғам мен мемлекеттің мұдделерімен үйлесімді сәйкестендірген жөн.

Құқықтық жүйені бұл бағытта дамыту, оны халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына, халықаралық стандарттарға дәйекті түрде сәйкес келтіру қажеттілігі Мыңжылдық басқосуында (2000 ж.) қабылданған БҰҰ-ның Мыңжылдық декларациясында бекітілген. Декларация мемлекеттердің, әлемдік қоғамдастықтың "демократияны қолдау және құқықтық тәртіпті нығайту" үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Бұл тұрғыда Құқықтық саясат тұжырымдамасы тек құқықтық жүйе дамуының бағытын айқындаپ қоймай, сонымен бірге құқықтық саясаттың әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы реформалармен үйлесімділігін қамтамасыз ету тиіс.

Құқықтық даму мақсаттарының бірі саяси жүйені жетілдіру болып табылады.

Халықтың саяси белсендерлігінің заңдық нысандарының алуан түрлілігі мен мәдениетін шынайы қамтамасыз ету қажет.

Үкімет туралы заңнама оның қызметінің тиімділігін және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында жетілдіруді қажет етеді.

Сайлау заңдарын, сайлау процесін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау іс-шараларын әділ де толық көрсетудегі рөлін нығайту және жауапкершілігін арттыру қажет.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұтастық пен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында мемлекеттік биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіріп, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс

істеуі үшін жағдайлар туғызу мақсатқа сай болмақ.

Жергілікті өзін-өзі басқару институттарын кезең-кезеңмен қалыптастыру азаматтық қоғам институттарын нығайтуға ықпал етпек.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын (омбудсмен) құру қажеттілігі туындалап отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары нарығын дамыту, оның экономикалық дербестігін, сондай-ақ оларға қоғамдық және мемлекеттік бақылау жасау тетігін қамтамасыз ету саласындағы заңдарды одан әрі жетілдіру қажет.

Азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін заңдар жетілдіру талап етеді.

Нарықтық экономикаға өту, мемлекеттің меншік иесі, монополист, елде шығарылатын өнімнің негізгі өндірушісі және ұсынушысы рөлінен бас тартуы азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар саласын сапалық тұрғыдан  
кеңейтті.

Азаматтық құқық еңбек, отбасылық және өзге де қоғамдық қатынастарға барған сайын дендел ене түсті. Мұның бәрі мемлекеттің құқықтық жүйесінің мемлекеттік және қоғамдық мұдделерді қорғайтын бұқаралық құқық пен жеке мұдделерге қызмет етіп, оны қорғауды қамтамасыз ететін жеке құқыққа ауқымды бөліну процесі аясында жүріп жатыр.

Осымен байланысты жеке, қоғамдық және мемлекеттік мұдделерді байыпты үйлестірудің шұғыл қажеттілігі сақталып отыр. Бұдан келіп, заң шығарушының азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудегі негізгі міндеті мұндай құқықтық қатынастарға қатысушылардың барлығының мұдделерін қорғайтын нақты құқықтық тетігі бар еркін нарыққа барынша кең өріс ашу болмақ.

Осыған орай, бұлжымай орындалар болса, азаматтық заңдардың одан әрі дамуы жүзеге асуы тиіс азаматтық заңдар принциптері ерекше өзектілікке ие болады. Негізгі принциптер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірліктерінің азаматтық құқық қатынастарына енерде өз азаматтық-құқықтық серіктерлері алдында қандай да бір артықшылықтары немесе жеңілдіктері болмайтынын, ал кез келген ұйымдық нысандағы заңды тұлғалар азаматтық құқық қатынастары субъектілері ретінде жеке тұлғаларға теңестірілетінін, және де шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғалар, Республика заңдарында белгіленген шегіністер болмаса, қазақстандық азаматтар мен заңды тұлғалар секілді құқықтар мен міндеттерді, әрі нақ сол тәртіппен иемденетінін білдіретін азаматтық-құқықтық қатынастар  
сұбъектілерінің тендері;

ең алдымен, меншік иесінің өз мүлкін өзінің жеке ұйғарымы бойынша пайдалану мүмкіндігін тануды білдіретін меншікке қол сұқпаушылық; бұл орайда меншік иесінің өз құқық өкілеттігін жүзеге асыруы өзге адамдардың және мемлекеттің құқықтары мен заңмен қорғалатын мұдделерін бұзбауы тиіс;

кез келген тұлғаның өз қалауы бойынша және мәжбүрлеусіз шешім қабылдау - өзінің қандай да бір шартқа кіру-кірмеу өзі шартқа отыруды қалаған серіктесін таңдау және шарт талаптарын айқындау құқығы барлығын білдіретін азаматтық-құқықтық шарт жасасу еркіндігі;

әрекетке қабілетті азаматтардың немесе занды тұлғалардың өз мулкіне иелік етуіне, пайда табуына, кірістерін жаратуына мемлекеттік органдар мен басқа да тұлғалардың ықпал етуіне жол берілмеуін білдіретін, мемлекеттің және үшінші тұлғалардың жеке істерге және жеке өмірге араласпауы;

азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде кәсіпкерлер м е н тұтынушыларды қ о р ғ а у .

Жалпы алғанда, азаматтық зандар меншікке қол сұқпаушылықты және тауар-ақша қатынастарына қатысуышылар қызметінің еркіндігін қорғауы тиіс. Бұл үшін бірінші кезекте меншік құқығын, мұліктік және міндеттілік құқық институттарын одан әрі де дамыту, жеке адам мен қоғам мұдделерінің барынша үйлесуінің, құқықты оның әлеуметтік мақсатына сай пайдаланудың негізінде жеке-құқықтық қатынастардың заңнамалық базасын жетілдіру қажет. Нарықтық қатынастардың одан әрі дамуы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жеке меншік институтын енгізуі қажет етеді.

Азаматтық құқықты дамытудың басымдық бағыттарының бірі зияттық меншік объектілеріне құқықты реттейтін зандарды одан әрі жетілдіру болуы тиіс. Ол авторлар мұдделерін, сол секілді Қазақстанның экономикалық, технологиялық және ақпараттық қауіпсіздігі мұдделерін сақтауға негізделуі тиіс. Ғылыми-техникалық жетістіктерді құруға және пайдалануға қатысты бірқатар заң және заңға тәуелді актілерді қабылдау қажет, олар өз кезегінде азаматтардың - санаткерлік меншік объектілеріне айрықша құқы барлардың әрі осы объектілер иелерінің құқықтарын, бостандықтары мен мұдделерін қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін практикада іске асыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс берушілердің өз жұмысшыларын міндетті медициналық сақтандыруын енгізу туралы мәселе шешімін талап етеді, бұл халыққа медициналық көмек көрсету көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді, сол секілді әлеуметтік тәуекелдер тұрларі мен төлемдер негіздері бойынша зандарды кезеңдеп жүйелей көзделуде .

Еңбек қабілетін жойған, асыраушысынан айрылған немесе жұмысын жоғалтқан жағдайда халықты қосымша әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз ету мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін құқықтық база құру қажет .

Нарықтық экономикада орын алған еңбек қатынастары нысандарының әр алуандылығы мен күрделілігі еңбек зандарын одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Бұл орайда еңбек құқық қатынастарын реттеу қазақстандықтар мұдделерінің

басымдығы тұрғысында өрбүі тиіс.

Мұнымен бірге Қазақстанда азаматтық қызмет институтын құру және дамыту үшін заңдық негіз құру қажеттілігі туып отыр.

Әлеуметтік қарама-қайшылықтарды құқықтық әдістермен шешу тетігін құрудың, әлеуметтік шиеленістің саяси өріс алуын болдырмаудың маңызы зор. Мұнда кәсіптік одақтардың қызметі шешуші фактор болып табылады. Осыған байланысты олардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында кәсіподактар туралы заңдар жетілдіруді талап етеді.

Мемлекеттік қызмет туралы заңдарға мемлекеттік қызметтің кәсібиілігі мен тұрақтылығын арттыруға, мансаптық өсуді ынталандыруға, ықпалды кадрлық резерв қалыптастыруға, кадрларды оқытудың жалпы мемлекеттік жүйесін құруға, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғау шараларын қүшейтуге бағытталған өзгерістер енгізу қажеттілігі болып отыр.

Бұл орайда мемлекеттік қызмет туралы заңдарды жетілдіру процесінің басты бағыттарының бірі қызметтік баспалдақ бойынша өсудің мансаптық жүйесіне ауысу болмак.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығына қарсы күрестің құқықтық тетіктерінің тиімділігін арттыру проблемасы үнемі назарда ұстауды талап етеді.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін деп адамдарды негісіз жауапқа тартуды болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының шеңберін заңдық тұрғыдан белгілеп алған жөн.

Сол сияқты, сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершіліктен жалтартуға жол бермеу мақсатында қолданыстағы заңдарға мұндай құқық бұзушылықтарды орау мерзімін ұлғайту тұрғысында тиісті өзгерістер енгізу маңызды болмақ.

Шетелдік азаматтар асырап алатын кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін заңмен реттеу, сондай-ақ мүгедектердің құқықтарын қорғау туралы заң қабылдау қажеттілігі туып отыр.

Экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы заңдар экономиканы мемлекеттік реттеудің оңтайлы тетігін жасау және оның қызмет істеуіне қолайлы жағдайлар туғызу саласындағы қатынастарды реттеуге, нарықтық қатынастарға қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық даму процесіндегі өзара іс-қимыл тәртібін реттеуге тиіс.

Экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі, соның ішінде жеке меншік иесінің инфрақұрылымдық дамыту, өнеркәсіптің бірқатар салаларын айта құру, табиғи монополиялар қызметіне оңтайлы тарифтер белгілеу, көптеген эксперименттік және тәжірибе-конструкторлық жұмыстардағы іргелі ғылыми зерттеулерді жалпы мемлекеттік ауқымда қаржыландыру және ұйымдастыру мәселелерін шешуге мұдделі еместігінен туындаиды. Бұл міндеттерді шешуді

мемлекет инвестициялық, тарифтік, салық және сауда саясатын жүргізу арқылы өзіне алуға мәжбүр болып отыр.

Әлемдік тәжірибелі зерделеу көптеген дамыған елдер орныңты даму сатысына экономиканың белгілі бір салаларындағы мемлекеттің белсененді рөлінің нәтижесінде қол жеткізгенін, оның мемлекеттік экономикалық реттеу жүйесі арқылы іске асырылғанын көрсетеді.

Сондықтан экономиканың одан әрі дамуы рынокқа қатысушылар қызметін осыған барабар мемлекеттік реттеу арқылы, бірақ олардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне деген конституциялық құқығын сақтау және теріс пифылды бәсекеге жол бермеу жағдайында жүзеге асырылуы тиіс. Және де бірінші кезекте шағын және орта бизнесте, сол секілді аграрлық секторда жұмыс істейтін отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауға бағытталуы тиіс. Сол секілді экономикалық қызметтің импорт алмастыру, өндірістің негізгі құралдарын жаңғырту, сонымен бірге инновациялық қызметті дамыту секілді бағыттарын үйлестіре дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер мен тетіктер әзірлеуді қарастыру көрек.

Уақытша қындық көріп отырған, бірақ экономика үшін маңызды кәсіпорындардың немесе тіпті тұтас салалардың банкротқа ұшырауына жол бермеуге бағытталуы тиіс "өнеркәсіптік саясат" дегенге ерекше назар аудару қажет. Өнеркәсіптік саясат міндеттеріне бәсекелестіктің өсуін қолдауды, оны ынталандыруды және кеден зандарын одан әрі жетілдіру есебінен экспорттың және импорттың ағындарды реттеуді жатқызуға болады.

Мұнымен қатар ұлттық компаниялардың, өкілетті органның және мемлекеттің жауапкершілік салаларын ажыратса отырып, ұлттық компаниялар мәртебесін нақты белгілеген жөн. <\*>

Қаржы, банк зандары экономиканың жаңа нарық қатынастарында жұмыс істеуі үшін оңтайлы құқықтық органды одан әрі де қамтамасыз етуі, қаржылық құралдардың дамуына ықпал жасауы және жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға жәрдемдесуі тиіс.

Елдегі қаржы саясаты мен ақша айналымы саласында Тұжырымдама басымдықтары мемлекеттің, азаматтардың және занды тұлғалардың мүдделерін қорғаудың нақты құралы ретіндегі қазіргі заманғы тұрақты ұлттық қаржы нарығын нығайтумен, мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігінің бірі ретіндегі тиімді қаржы жүйесінің жұмыс істеуімен байланысты. Бұл мақсат: ұлттық қаржы жүйесінің негіздерін жетілдіру; қаржы құралдарын қолдану саласын кеңейту; қаржыларды мемлекеттік реттеуді қүшешту және мемлекеттің қаржылық қызметін нығайту; қаржы ресурстарына ие тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау; Қазақстанның халықаралық қаржы жүйесіне кіруі жөнінде кешенді шаралар әзірлеу және республиканың қаржырында шетелдік

қатысудың шарттарын белгілеу арқылы іске асырылуы мүмкін.

Банк қызметінің құқықтық базасын дамыту заң шығару процесінің маңызды міндеті болып табылады. Нарық принциптеріне толық дөрежеде сай келетіндей, клиент пен банк арасында тең құқықтық қатынастар орнауына, дүниежүзілік банк практикасында жалпыға танылған банк қызметтерінің жаңа түрлерін дамытуға ықпал ететіндей банк қызметінің заннамалық реттеуі қажет. Қорыноктарын реттейтін зандарды одан әрі дамыту қажет.

Экономиканың нақты секторын одан әрі жетілдіру үшін акционерлік қоғамдар қызметі, бухгалтерлік және статистикалық есеп және есеп беру мәселелері жөніндегі қолданыстағы зандарға өзгерістер енгізілуі қажет.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі өте қурделі, сан салалы жоспарлы және көп функциялы жүйе болып табылатындықтан қаржы бақылау жүйесін жетілдіру қажет. Сондай-ақ, терроризмге, "арам ақшаны тазартуға" қарсы күрестің халықаралық тәжірибесіне сай, қылмыстық жолмен табылған табысты зандастыруға қарсы іс-әрекет мақсатында қаржы операциялары мониторингін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдау қажет болады.

Бюджет зандары саласында бюджет процесінің барлық деңгейі мен кезеңіндегі бюджеттік бағдарлама жасау, бюджетаралық қатынастардың сапалы жаңа жүйесінің қалыптасуы құқықтық тұрғыда іске асуы тиіс.

Экономика саласындағы мемлекеттік реттеу тетіктерінің бірі ретінде салық зандары экономикалық дамудың перспективаларын ескери, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесуі және мемлекеттік функциялар мен міндеттерді орындау үшін жеткілікті бюджет қаражаттарын жинауды қамтамасыз етуі тиіс. Салық зандары жүйелі әрі салық салудың экономика дамуын ынталандыратындағы нысандарына бағытталған болуы тиіс. Салық зандарын одан әрі жетілдіру: оның барлық ережелерінің нақтылығын, анықтығын және түсініктілігін қамтамасыз ету, салық ауыртпалығын төмендету, "көлеңке" айналымдарды жария зандастыру, салық төлеуден жалтарудың алдын алу жөнінде шаралар қабылдануы тиіс.

Қазақстанның әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне біртіндеп кірігуі кеден ісін жетілдіруді талап етеді. Қолданыстағы кеден зандарының "көмескілігі" кеден органдарындағы сыйбайлас жемқорлыққа, көлеңке бизнес пен контрабанданың өсуіне жол ашып, нәтижесінде бұл жалпы ел экономикасына әсерін тигізді.

Жаңа Кеден кодексін әзірлеу және қабылдау арқылы кеден зандарын жүйелеу халықаралық талаптар мен стандарттарға сай, сауда үшін қолайлыштықтың экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы зандарды жетілдіру осы саладағы жаңа технологияларды дамытумен қатар, ақпараттық қауіпсіздік қатерлеріне қарсы іс-әрекеттер мен ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласындағы

құқық бұзушылықтармен күрестің мемлекеттік жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді қарастыратын болады.

Казақстанның әлемдік ақпарат жүйесіне кірігуі ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласындағы құқық бұзушылықты анықтау, оның алдын алу және оған жол бермеудің тиімді тетігін құрумен қатар жүруі тиіс. Бұл арнаулы мақсаттағы техникалық құралдар мен ақпарат қорғау құралдарын жасау мен өндіру саласындағы ұлттық ғылыми-өндірістік инфрақұрылым құруды және оның жұмыс істеуін үйлестіруді реттейтін, осы саладағы ғылыми және өндірістік ұйымдар жұмыстарын үйлестіретін нормативтік құқықтық базалар әзірлеуді талап етеді.

Коршаған ортаны қорғау туралы зандарды жетілдіру мақсатында:  
экологиялық сақтандыру жүйесін;

кінәлілердің жазадан құтылмауына кепілдік беретін және коршаған ортага келтірілген шығынды өтеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бақылаудың, қаскерлікпен (браконьерлікпен) және орман бұзушылықпен күрестің барынша жетілдірілген жүйесін;

бірыңғай мемлекеттік экологиялық мониторинг жүйесін;  
белгіленген нормативтерден тыс коршаған ортаны ластайтын кәсіпорындардағы міндетті экологиялық аудит;

коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқару жүйесін;  
коршаған ортаны реттеудің және оны ластауды болдырмаудың біршама жетілдірілген экономикалық құралдарын енгізу үшін қажетті зандар мен занға тәуелді актілер әзірлеу қажет болады.

Су, жер, орман ресурстарын, өсімдік пен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі занамада тек шаруашылықта пайдалануды дамытуға ғана емес, табиғи ресурстарды қорғау мен өндіруге де бағытталған жаңа заң нормалары қажет. Жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы зандарда пайдалы қазбаларды өндіру кәсіпорындары әрекетінің келеңсіз зардаптарын жою жөніндегі шаралар көзделуі тиіс.

Әкімшілік зандарын дамыту азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау тетігін қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдардың басқару және бақылау-қадағалау қызметін жетілдіруді, бақылау мен қадағалаудың артық буындарын жоюды, қажет деген буындарды нығайтуды, әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану барысында зандылықтың сақталуына ведомстволық бақылауды күшеттуді, жауапкершіліктен бұлтартпау принципін сақтауды қамтамасыз ететіндей орталықтандырылған есеп жүргізу мен айыппұл салу жүйесін құруды көздейді. Өтеуіне әкімшілік жауапкершілікті күшайте тұсу арқылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жекелеген баптарын қылмыстық сипаттан арылту көзделуде.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік қорлар мен мемлекеттік емес ұйымдар қызметін реттейтін зандар одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Әкімшілік зандарының маңызды міндепті басқару шешімдерін алу мен қабылдаудың әкімшілік-құқықтық рәсімдерін одан әрі жетілдіру болуы тиіс.

Қылмыстық заңнамада заңмен қорғалатын әлеуметтік жоғары құндылықтар ретіндегі адам құқықтары мен бостандықтарының бастылығы мен ажырамастығын тану негізге алынуы тиіс.

Қылмыстық заңнаманы жетілдіру қылмыстық құқықтың мынадай принциптері бұлжымай сақтала отырып жүргізілуге тиіс:

мәні қылмыстық құқық тұрғысында іс-қимылдың қылмыстылығы мен жазалылығы тек қылмыстық заңмен айқындалуға тиіс екендігіне саятын заңдылық;

қылмыс жасаған барлық азаматтардың шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына немесе кез келген басқа жағдайларға қарамастан заң мен сот алдында бірдей екендігін білдіретін заң мен сот алдындағы азаматтар тенденция; адам тек өзінің кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеттері мен одан туындаған қоғамдық қауіпті салдарлар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын айқындаитын кінәлі жауапкершілігі;

қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, қылмыстының жеке басының, жауапкершілігі мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескере отырып, соттардың әділ жаза белгілеуі тиіс екендігін білдіретін әділ еттілік;

занда қолдану кезінде қылмыс жасаған адамдарға азаптауды, қорлауды болдырмайтын ізгілікті қарауды және оларға қатысты қылмыстық жауаптылық пен жаза оларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату үшін занда негіз болмаған жағдайда ғана қолданылатынын, ал қарастырылғандар арасынан жасаған қылмысы үшін жазаның барынша қатаң түрі егер қатаңдығы біршама төмен түрі жаза мақсатына қол жеткізе алмаған жағдайда ғана тағайындалатынын білдіретін қылмыстық жазалаудың ізгілігі мен үнемділігі;

қылмыстың жасалуына кінәлі әрбір адамның, заңмен тікелей көзделген (дипломатиялық және басқа иммунитеттер, көтермелеу қылмыстық-құқықтық нормалар және т.б.) жағдайлар болмаса, қылмыстық жауаптылыққа және жазалауға немесе қылмыстық занда көзделген ықпал етудің басқа шараларына тартылатынын білдіретін қылмыстық жауаптылық пен жазаның бұлтартпастығы;

жәбірленушілердің, соның ішінде мемлекеттің де құқықтарын бірдей қорғау.

Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын іске асыру аталған принциптерге сай дамуға және төмендегідей заңнамалық шаралары кешенінің

қ а б ы л д а н у ы н

қ а м т у ғ а

т и і с :

өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп тарылту бағытын жалғастыру, сондай-ақ өлім жазасына мораторий жариялау мүмкіндігін қарастыру;

ауыр емес қылмыстарға жататын құқық бұзушылықтарды, соның ішінде оларды әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік саласына аудару арқылы, қылмыстылық қатарынан алып тастауды одан әрі жалғастыру;

ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты экономикалық қылмыстардың жекелеген түріне мүліктік жазалар, сондай-ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар қолдануды кеңейту;

қылмыс жасаған адамдар кінәсін шын мойындаған жағдайда көтермелеу сипатындағы шараларды барынша кеңірек қолдану;

ауыр емес қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолдануды алып тастау және орташа ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыруды

қ о л д а н у                    а я с ы н                    т а р ы л т у ;

бас бостандығын шектеу, қамауға алу, ғұмыр бойы бас бостандығынан айыру сияқты жазаның жаңа түрлерін көздөйтін қылмыстық-құқықтық нормаларды іске қосудың қажетті жағдайларын жасау.

Қылмыстық саясат бірінші кезекте ауыр емес және бірінші рет орташа ауыр қылмыс жасаған адамдарға, сол секілді халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына - жүкті және жалғызлікті әйелдерге, асырауында кәмелетке толмаған балалары барларға, кәмелетке толмағандарға, егде жастағы адамдарға қатысты ізгіліктілік бағытында дамуы тиіс. Сонымен қатар оны ауыр және ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін айыпты, қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген адамдарға, сондай-ақ қылмыс қайталап жасалған жағдайда қатайта түсу сөзсіз қ а ж е т .

Әрекет аясына азаматтардың едәуір бөлігі тартылатын және қоғамдағы тұрақтылық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғаудың беріктігіне сенімділік, елдегі құқық тәртібінің жай-күйі олардың қызметінің тиімділігіне байланысты болатын құқық қорғау органдарының заңнамалық базасын жетілдіруді ж а л ғ а с т ы р у                    к е р е к .

Әр түрлі санаттағы адамдарды (қылмыскерлер; тергеуден, анықтаудан және соттан жасырынған, сот актілерін орындаудан, соның ішінде алимент төлеуден жалтарған; хабарсыз кеткен адамдар; азаматтық істер бойынша жауапкерлер; өзге де іздеу салынған адамдар) іздестірумен және оған барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен байланысты заң нормаларын нақтылау қ а ж е т т і г і                    т у ы п                    о т ы р .

Қылмыстың алдын алу және оны болдырмау, онымен күрестегі табандылық,

жедел-іздестіру қызметін жетілдіру, нақты қалыптасқан оперативтік ахуалға тиісінше көңіл аудару, ақпараттық қамтамасыз ету мен талдау жұмысының деңгейін көтеру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту басым бағыттар болуы тиіс.

Жергілікті де, сол сияқты республикалық та деңгейде құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жүйесін құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың халықпен байланысын белсенді дамыта отырып құру қажет. Мектептер мен оку орындарында құқықтық мәдениеттің өзекті проблемалары бойынша міндettі немесе факультативтік сабактар енгізу керек.

Халықаралық қоғамдастықтың қазіргі басымдықтарын ескере отырып, нашақорлық пен есірткі бизнесінің, терроризмнің, этникалық және діни экстремизмнің, адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың, компьютерлік қылмыстың, атыс қаруын және оның бөліктері мен оқ-дәрісін заңсыз жасау мен таратудың, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы, сондай-ақ ақшаны "тазарту" саласына қатысты халықаралық қылмыстардың алдын алу мен жолын кесуге бағытталған нормаларды дер кезінде енгізуге ерекше назар аударылатын болады.

Республиканың Мемлекеттік шекарасын қорғауды одан әрі нығайтуды, стратегиялық маңызды обьектілердің (жоғары қаупі бар кәсіпорындардың және коммуникациялардың) қауіпсіздігін, қару мен оқ-дәрілердің сақталуын қамтамасыз етуді, мемлекеттік органдардың Қазақстан азаматтарының діни сана-сезімін радикалдандыруға жол бермеу, экстремистік идеяларға қарсы насиҳат жөніндегі жұмысты реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру терроризммен күрес жөніндегі жұмыстың маңызды бөлігіне айналады. Этникалық және діни экстремизм идеялары бар материалдарға ғылыми және теологиялық сараптамаларды бір орталықтан жүргізу тетігін әзірлеу және енгізу қажет болады.

Қаржы-шаруашылық қызмет саласында теріс пайдаланушылыққа жол бермеу мақсатында мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдардың сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызмет этикасы нормаларын сақтау жөніндегі, сондай-ақ экономикалық қызмет саласындағы және мемлекеттік қызмет мұдделеріне кедергі болатын қылмыстарға қарсы іс-әрекет нысандары мен әдістерін онтайландыру жөніндегі жұмысының нәтижелілігін арттыру негізгі міндettер болып табылады.

Қылмыстық-іс жүргізу зандарын одан әрі жетілдіру қажет.

Бұл орайда негізгі мақсат қылмыстық іс жүргізудің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған мынадай түбебейлі принциптерін нақты нормаларда одан әрі дәйекті іске асыру болып табылады:

кімнің де қылмыс жасаудағы кінәлілігі занда көзделген тәртіппен

дәлелденбейінше және занды күшіне енген сот үкімімен белгіленбейінше әркімнің кінесіз болып есептелетінін тұжырымдайтын кінесіздік презумпциясы; ешкімнің де өзінің кінесіздігін дәлелдеуге міндетті еместігі; айыпталушының кінәлілігіне деген жойылмаған құдік оның пайдасы үшін қарастырылатындығы; айыптау үкімінің жорамалдарға негізделе алмайтындығы және сенімді дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен дәлелденуі тиіс екендігі;

тұтқындау мен қамауда ұстаяға тек занда көзделген жағдайларда және соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана жол берілуге келіп саятын жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпаушылық, оны құрметтеушілік ; ешкім де азаптау, күш қолдану басқа да қатыгез немесе адамгершілік ар-намысқа тиетін қарым-қатынасқа немесе жазаға ұшырамауға тиіс;

сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейтіндігін білдіретін тұрғын үй мен жеке өмірге қол сұқпаушылық; тұрғын үйге кіруге, оны тексеру мен тінту жүргізуға тек занда белгіленген жағдайларда ғана жол беріледі; әрбір адамның жеке салымдар мен жинақ ақшалар, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, поча, телеграф пен өзге де хат-хабарлама құпиясына құқығы бар, бұл құқықты шектеуге тек заңмен белгіленген жағдайлармен және тәртіппен ғана жол беріледі ;

судьяның сот төрелігін жүргізу кезінде тәуелсіз болуын және тек Конституция мен зандарға ғана бағынатынын білдіретін судьялардың тәуелсіздігі ;

сот төрелігін жүргізу - соттың ерекше артықшылығы екендігін білдіретін сот төрелігін тек соттың ғана жүзеге асыратындығы; адамды қылмыс жасауда кінәлі деп тану тек занға қатаң сүйене отырып шығарылған соттың айыптау үкімінің негізінде ғана мұмкін ;

сот ісін жүргізуді сотта іс қарауда айыптау функциясын қорғау функциясы мен істі шешу функциясынан бөлек болатындағы етіп құратын тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтығы, сол секілді Қазақстан Республикасының Конституциясы белгілеген, халықаралық құқықтық нормалармен және Республиканың қылмыстық-іс жүргізу заңымен танылған басқа да принциптер негізінде жүзеге асыру .

Қылмыстық сот ісін жүргізуді алқа заседательдерін қатыстыра отырып жүзеге асыру мұмкіндігін қарау қажет .

Қазақстан Республикасы Конституациясының 16-бабында көзделген азаматтардың жеке бас бостандығы кепілдігін іске асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасау талап етіледі .

Іс жүргізу зандарын жетілдірудің өзекті бағыттарының бірі істі сотқа дейін дайындау кезеңінде де, сот сатыларында да рәсімдерді женілдету және жеделдету болып табылады. Осыған байланысты анықтау жүргізуді қолдану саласын

кеңейту, сондай-ақ анықтау және алдын ала тергеу рәсімдерін жеңілдету мақсатқа сай болмақ. Қамауға алуға балама боларлық шараларды (кепілдік, үйде қамауда ұстау) қолданудың тетіктерін барынша егжей-тегжейлі реттеу қажет.

Анықтау және алдын ала тергеу рәсімдерін жеңілдету мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс: қылмыстық жазаланатын ауыр емес және орташа ауыр іс-әрекет жасаған адамдардың жауапкершілігі туралы мәселені жедел қарау үшін қылмыстың жекелеген құрамдарын өкімшілік құқық бұзушылық санатына жатқызу арқылы қылмыстық сипаттан арылту жөніндегі жұмысты жалғастыру; қылмыстық процестің тиімділігі мен жеделдігін арттыру үшін бұл тәртіпті ең алдымен дәлелдерді іздең табуда, бекітуде және бағалауда аса күрделілік тудырмайтын істер бойынша жүргізіп, алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес және анықтау жүргізумен шектелетін істердің тізбесін кеңейту.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі қылмыстық саясат ізгілігі үрдісінің көрінісі м ы на л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

қылмыстық істерді сотта қарау кезеңінде сотталушыларды қамауда ұстау м е р з і м і н з а н м е н ш е к т е у ;

қылмыстық жауапкершіліктен медиация рәсімі арқылы босату мүмкіндігіне жататын қылмыстар тізбесін кеңейту, жәбірленушіге мүлкі мен моральдық зиянның, сондай-ақ оның денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру жолымен бітістіру институтын барынша кеңінен енгізу.

Жәбірленушілердің, соның ішінде мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделерін кеңейту іс жүзінде қылмыстық процестің негізгі басымдықтарының бірі болуға тиіс. Осы мақсатта адвокаттар мен азаматтардың сот төрелігінің тиісті сатыларына қатысуының нақты тетігін қамтамасыз ететін нормаларды қ а р а с т ы р у қ а ж е т .

Қылмыстық-атқару жүйесінің заң шығару базасын адам құқықтары туралы халықаралық актілердің және сотталғандармен қарым-қатынастың негізгі принциптері мен тәртібін белгілейтін халықаралық келісімдердің негізгі ережелерімен сәйкес келтіру мақсатында жетілдіру, сол секілді оның материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту, қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендірудің жүргізіліп отырған саясатын жалғастыру қажет.

Қылмыстың қайталануының алдын алу мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі тиісті орталықтардың жұмыс істеуіне бағытталған нормативтік құқықтық актілер әзірлеу қажет.

Кадр саясатының тұрақтылығы және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігі мен тәртібіне деген талапты арттыру мәселесіне назар аудара отырып, құқық қорғау органдарын одан әрі де нығайту қажет.

Бұл орайда құқық қорғау органдарының қызметінде азаматтардың құқықтары

мен бостандықтарын қорғауды басты басымдылық етіп айқындау, сондай-ақ жүртшылықтың белсенді қатысуының табысты болмайтын, құқық бұзушылықтың алдын алуға көп назар аудару қажет. Осы орайда балалардың қараусыздығы мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше назар аударған жөн, бұл өз кезегінде лауазымды адамдардың кәмелетке толмағандармен жұмыстың нәтижесі үшін жауапкершілігін арттыруға септігін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар олардың өз міндеттері мен функцияларын атқарудағы құқықтары мен міндеттерін нақты белгілейтін тиісті заң актілерін қабылдауды қажет етеді.

Ішкі істер органдарына сот сараптамасының жекелеген түрлерін жүргізу құқын берудің мақсаттылығы туралы мәселені қарастыру керек.

Ұлттық қауіпсіздік пен ел тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін саяси төзбеушіліктің алдын алуға, азаматтар бойында шыдамдылық сезімі мен мінез-құлық ұстамын, заң мойындау ғұрпын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік шаралар кешенін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарының жүріп-тұру заңдылығы мен қызметі, сондай-ақ шетелдегі біздің азаматтарды қорғау кепілдігі мен оларға қамқорлықты қамтамасыз ету мәселелеріне тұрақты назар аудару қажет.

Әскери құқық саласындағы нормативтік-құқықтық база одан әрі жетілдіруді талап етеді. Мемлекеттің тұластай алғандағы қорғаныс жүйесін құрудың бірыңғай кешенді-құқықтық көзқарасын қамтамасыз ету қажеттілігі туып отыр.

Қарулы Күштерді қолдану, әскери басқару органдарының, әскери бөлімшелердің құқықтық мәртебесін нақты белгілеу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау саласындағы заңнамалық актандактарды толықтыру мәселелерін барынша дәлдікпен пысықтау қажеттілігі туып отыр.

Қылмыстық ізге түсүмен қатар қадағалау функцияларының кең ауқымына ие прокуратурадан құқықтық мемлекеттің идеяларын, Конституцияның бұлжымастығын бекіту және одан әрі дамыту үшін өз әлеуетін және заңмен береген өкілеттіктерін барынша пайдалану талап етіледі. Прокурорлық қадағалау әсіресе адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерінде жүйелілік сипатқа ие болуы тиіс. Алдын ала тергеу мен анықтауға қадағалау жүргізу кезінде прокурор қылмыстық ізге түсү органдары мен олардың лауазымды адамдарының тарапынан кез келген заң бұзушылықтың белсенді түрде жолын кесуі, прокурорлық қадағалау шараларымен қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа қарсы қуресті қүшетуге барынша ықпал етуі тиіс.

Прокурорлардың негізгі күш-жігері мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі сот актілерінің заңдылығын

қадағалаудағы прокуратура органдарының жұмысы сот төрелігін тек сот жүзеге асыратын, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек Конституция мен заңға бағынатын конституциялық принциптерге сәйкес сотпен өзара қарым-қатынастар құруға бағытталуы тиіс.

Қызметтің бұл саласында прокурорлар істі сотта қараудың барлық сатысында азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын берік қорғауды қамтамасыз етуге бағдар ұстауы тиіс.

Прокуратураның халықаралық байланыстарға, ең алдымен көршілес, әсіресе ТМД-ға кіретін мемлекеттермен және олардың прокурорларымен байланысқа белсene араласу қажеттілігі туындалап отыр. Каспий теңізі биоресурстарын қорғау, экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін экономикалық-заңдылық шаралар жауапкершілігін, табиғи ортаға әсер ету арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру шараларын үйлестіру жөніндегі халықаралық міндеттемелердің орындалуына бақылау жасау мәселелеріне бірінші кезекте назар аударуды қажет

е т е д і .

**Ескерту. 2-тarauga өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.07.13. N 1615 Жарлығымен .**

### **3. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің дамуы**

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық заң сот жүйесі алдына, ең алдымен аудандық (қалалық) сот деңгейінде, сот төрелігі органдарын одан әрі жетілдіру міндеттін ұсынды.

Салмақтың сот жүйесінің нақ осы буынына түсуі сотқа жататын істердің басым көпшілігі аудандық соттарда қаралатындығына, азаматтар мен заңды тұлғалардың сот төрелігін атқарумен алғашқы таныстыры олар арқылы өтетініне байланысты .

Аудандық соттардың судьялары халықпен тікелей қарым-қатынаста болады. Мұнда судьяның моральдық және кәсіби бейнесі ерекше рөл атқарады және олардың этика нормаларын сақтауы үнемі қоғамдық назарда жүреді.

Сот билігін дамытудың аса маңызды бағыты судьялардың тәуелсіздігін одан әрі нығайту болып қала береді. Қазіргі кезде судьялардың атқарушы биліктен тәуелсіздігі, судьялардың ауыспаушылығына кепілдік, заңдылық деңгейіндегі иммунитеті мәселелері негізінен шешімін тапқан.

Басты міндет, бірінші кезекте қажетті әлеуметтік кепілдіктер құру жолымен олардың шынайы тәуелсіздігін орнықтыру болмақ.

Судьяларды, куәгерлер мен жәбірленушілерді қылмыстық қоғамдастықтар тарапынан қауіп-қатерден қорғаудың тиімді шараларын әзірлеу маңызды проблема болып қала береді .

Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ал болашақта ювенальдық (кәмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру маңызды болмақ.

Мұнымен қатар, азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттей, оларды халықаралық стандарттарға жақындана отырып, қарастыру керек.

Соттардың қызметі мен атқару ісін жүргізу үйымдастыру.

Сот төрелігін жедел де сапалы жүзеге асыру мақсатында соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді тұрақты жетілдіріп отыру мәселелеріне назар аудару қажет. Бұл орайда соттарда сот төрелігі процесін әкімшілік ісі мәселелерінен нақты шектеу және сот басшыларын барлық деңгейдегі соттар қызметін үйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуден және оларды судьяларға тән емес басқа да қызметтер атқарудан босату қажет.

Сот корпусының кадрларын даярлау мен оқыту, судьялардың білімі мен кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі шаралар құқықтық саясат пен оны іске асыру тетігінің маңызды буыны болып табылады.

Атқару ісін жүргізу жүйесі мен оның жұмысын үйымдастыру түбекейлі реформалау мен жетілдіруді қажет етеді. Бұл бағыттағы маңызды аспект Сот әкімшілігін жүргізу жөніндегі комитеттің азаматтық істер бойынша сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын, мұліктік жазалар тұрғысындағы қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулыларды, сол секілді заңмен қарастырылған жағдайларда басқа да органдардың шешімдері мен қаулыларын орындау, атқару ісін жүргізу мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз-шагымдарын шешу міндеті жүктелуі тиіс аудандық буын деңгейіндегі құрылымдық бөлімшелерін құру болып табылады.

Сот приставы-орындаушыларының атқару ісін жүргізуі мен мәртебесі туралы заңды жетілдіру қажеттігі туып отыр. Сот орындаушылары мен приставтарының міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін айқындаі отырып, олардың қызметін бірынғай жүйеге біріктіру және үйымдық белгілеу мақсатқа сай болмақ.

Сот шешімдерін атқаруда іс жүргізу сот бақылауын қолдануды заңдық тұрғыдан кеңейту керек.

#### **4. Мемлекеттік дамудың халықаралық-құқықтық аспектілері**

Қазақстанның таяу онжылдықтағы халықаралық шарттар құқықтық саясаты Қазақстанды интеграциялық процестерге тартуға, Қазақстан Республикасы үшін қолайлы және экономикалық пайдалы жағын ескере отырып, халықаралық

Ұйымдармен ынтымақтастықты оңтайландыруға бағыт ұстануы тиіс. Бұл мақсатта халықаралық шарттар жасауға біршама ұстамды көзқарас танытып, қатысқан жағдайда ел халқына нақты саяси және экономикалық пайда әкелетіндеріне ғана басымдық беру қажет. Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын қабылданған халықаралық міндеттемелер мен халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар аясындағы шарт жасасу-құқықтық саясаты қарусыздану, экология, сауда, халықаралық терроризм, ұйымдастық қылмыс, қылмыстық жолмен алынған табысты "тазарту", этносаралық қатынастар, адам құқығын қорғау, адамзаттың мәдени мұраларын сақтау және т.б. халықаралық проблемаларды шешуге бағытталады.

Халықаралық өзара әрекеттестіктің тиімділігін арттыру мақсатында екі жақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық базасын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Бұл жұмысты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау және арнаулы органдарымен және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық пен Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы мемлекеттерінің тиісті құрылымдарымен бірге жандандыра түсken жөн. Бұл тұрғыдан келгенде қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық терроризммен және экстремизмнің өзге де көріністерімен күрес жөніндегі бағдарламасын, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет мәселелеріне арналған өзге де бірлескен құжаттарын іске асырудың нақты тетігі жасалуы тиіс. БҰҰ-ның құқық қорғау саласындағы жобалары мен бағдарламаларына барынша ықпалды қатысу қажет. Қылмыстың барынша қауіпті тұрлерімен күрестегі ынтымақтастық туралы, ақпараттық қауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық ұлгі-шарттар жасау тәжірибесін жалғастыру керек. Азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мұдделерін сақтауға бағытталған шараларға барынша ықпал ету қажет.

Халықаралық-құқықтық дамудың басым бағыттарының бірі қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істері, қылмыскерлерді ұстап беру, жедел-іздестіру, ғылыми-техникалық және статистикалық ақпарат алмасу жөніндегі құқықтық көмек туралы, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ іс-шаралар мен арнайы операциялар өткізуі, өзара тағылымдамалар мен мамандар оқытуды келісу туралы екіжақты халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу болып табылады.

Сонымен қатар қылмыскерлерді ұстап беру, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, қылмыстық ізге түсуді қабылдау (беру), қылмыстың аса қауіпті көріністерімен бірлесіп күресу мәселелері бойынша мемлекеттің ТМД, ЕурАЗЭҚ

пен ОАӘҚ және басқаларға қатысушы елдердің шеңберіндегі халықаралық шарттарға қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдау мақсатқа  
саи  
б о л м а қ .

Шекара арқылы өтетін су ағындарын реттеу және пайдалану проблемасын шешу қажет. Мұның шешімі судың сапасын төмендетуге және оны тиімсіз пайдалануға қатаң шаралар белгілей отырып, суды ластауды болдырмау, шектеу және азайтудың құқықтық тетіктерін әзірлеу жөніндегі белсенді іс-әрекетті талап етеді.

Халықаралық жеке құқық саласында Қазақстанның құқықтық саясатының негізгі бағыттары: тауарларды сатып алу-сату, авторлық құқық, көлік, кредит-есеп қатынастары саласындағы материалдық-құқықтық және коллизиялық нормаларды орайластыру; интеграциялық процестерді құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру болуы тиіс.

## 5. Қорытынды

Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған құқықтық саясаттың негізгі бастауы Республика Конституциясы болып табылатындығына байланысты оның әлеуетін мейлінше пайдалану қажет, ал құқықтық саясаттың қозғауышы күші орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың оны тікелей өмірге енгізу жөніндегі ұйымдық қызметі болып табылмақ. Құқықтық саясатты іске асыру үшін заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген шараларды орындау Қазақстанда демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет құруға ықпал етеді.

Тұжырымдаманы іске асыру дәрежесі, тиімділігі құқықтық саясаттың, құқықтық нормалардың мазмұнын, қоғам мүшелері секілді мемлекеттік органдардың да, сонымен қатар олардың лауазымды тұлғаларының қаншалықты жете түсінуіне де, нормативтік құқықтық актілердің нұсқамаларын ықыласты және адаптациянда да байланысты.

Осы Тұжырымдаманың базасында Республиканың құқықтық саясатының түрлі бағыттары бойынша (сот жүйесін, құқық қорғау органдары қызметін, зангерлік білімді жетілдіру жөнінде және т.б.) салалық бағдарламалар әзірленіп, қабылданатын болады.

Бұл ретте: барлық іс-шаралар мен бағдарламалардың жүйелілігі мен нәтижелілігі, олардың ізгі бағыттылығы; демократиялық құқықтық дамудың әлемдік тәжірибесінің Қазақстан жағдайына бейімделуі; республиканың дәйекті жан-жақты дамуы процесінде туындастын болжамды әлеуметтік, экономикалық

және саяси аспектілерге қатысты нормативтік құқықтық реттеу мен тиімді құқық қолданудың нақты шараларына түзету енгізу және іске асырудың ілгерілік сипаты принциптерін ұстану қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК